



Ауылдық (селолық) жерлерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесін анықтау туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 23 қаңтардағы N 52 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 16 ақпанда N 14-10-107 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 29 тамыздағы № 1511 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 29.08.2013 № 1511 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 238-бабы 3 тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Аудандық бюджеттен қаржыландырылатын ауылдық (селолық) жерлерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесі 1, 2, 3, 4 - қосымшаларға сәйкес анықталсын .

1. Сайрам аудандық мәслихатының келісіміне, осы қаулының 1-тармағында анықталған лауазымдардың тізбесі енгізілсін.

2. Осы қаулы бірінші ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарда қ о л д а н ы л а д ы .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ә. Әмірәлиевке жүктелсін.

Аудан әкімі

М. Әлі

К Е Л І С І Л Д І :

Аудандық мәслихат

хатшысы

Т. Төлендиев

Сайрам ауданы әкімдігінің

2009 жылғы

23

қаңтардағы

N 52 қаулысына 1 қосымша

Ауылдық (селолық) жерлерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру мамандары лауазымдарының тізбесі

N 52 қаулысына 4 қосымша

Ауылдық (селолық) жерлерде жұмыс істейтін спорт мамандары лауазымдарының тізбесі

1. Мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорын басшысы және басшысының орынбасары, (бас есепші және әкімші-шаруашылық жөніндегі басшының орынбасарларынан басқа).

2. Мамандар: оқу тәрбие оқу өндірістік қызметімен тікелей айналысатын дене тәрбиесінің спорт мектебінің әдіскері, оқыту қызметімен тікелей айналысатын спорт жөніндегі аға жаттықтырушы-оқытушы, жаттықтырушы-оқытушы, дәрігер